**«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №- 76 ҚР ДСМ бұйрығына сәйкес Объектілерді жөндеуге және күтіп ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 4 тарауының орындалу барысы туралы анықтама**

Соңғы жылдары мектепте күрделі жөндеу жұмыстары өткізілген жоқ. Мектептің келесі бөлмелерінде (дәрігерлік кабинет, тамақтандыру бөлімшесі, қабырғалары 1,8 м биіктікке дейін ылғалды өңдеуге болатын материалмен боялған. Санитарлық бөлмелердің қабырғалары 1,5 м плиткамен жабылған. Терезе әйнегі, электр шамдар, жарықтандыру құрылғылары таза. Оқушыларға терезелерді, вентиляцияға арналған жабдықтарды ашуға тыйым салынады, нысандардың аумақтары, дене шынықтыру және спорт алаңдары үнемі тазаланады. Мектептегі барлық бөлмелер таза ұсталады және дәретханаларда едендер, есік тұтқалары, крандар, раковинала, дәретханалар күнде тазаланады және жеткілікті мөлшерде дезинфекцияланады. Қолдануға рұқсат етілген жуғыш және дезинфекциялық құралдар пайдаланылады, дезинфекциялық ерітінділер мектептің медицина қызметкерімен ерітіндінің дайындалған күні көрсетілген таңбаланған ыдыстарда талапқа сәйкес дайындалады. Дезинфекциялық жуғыш заттар және олардың жұмыс ерітінділері оқушылардың қолы жетпейтін жерде сақталады. Тазалау құралдары (шелектер, щеткалар, шүберектер) таңбаланады және жеке бөлмеге (санитарлық бөлмелер, медициналық пункт, тамақ өнімдерінің блогі, асхана, оқу кабинеттері) орналастырылынып, арнайы бөлінген орындарда сақталады. Санитарлық-тұрмыстық қондырғыларға арналған тазалау жабдығында қызыл сигнал белгісі бар. Осы мақсатта жыл сайын нысандарда дератизация және дезинсекция жұмыстары жүргізіледі, жыл сайын аудандық білім бөліміне өтініш беріледі; Қоқыс жәшігі шаруашылық аймақта, тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, үш жағынан қоршалған алаңға орнатылған.